




Қазақстандағы музей ісі мен осы сала мамандарына арналған «Музей әлемі» журналы оқырман қауымға ұсынылып отыр. Еліміздегі барша музей мамандарына аталған басылым арқылы өз еңбектерін жариялауға мүмкіндік қарастырылған. Осылайша, біз, еліміздің ең ірі музейлерінен бастап, шалғай аудан-ауылдардағы әріптестерімізбен тығыз байланыс орнатуды көздеп отырмыз. Қазақстанның бай тарихи мәдениетін насихаттау арқылы ұлт мәдениетіне қызмет етуді мақсат тұтқан «Музей әлемі» журналы сіздердің таным көкжиегін кеңейтер қызықты мақалаларыңызды жарыққа шығаруға дайын.



Бас редактор:
Айгүл Айтмуханова

Жауапты редактор:
Эльмира Абдукамалова

Редакторлар:
Қымбат Елтайқызы
Тазагүл Қабыкенқызы
Аяғоз Султанова

Суретші-дизайнер:
Аида Смайлова

Фотогілші:
Қанат Мусин

МУЗЕЙ ӘЛЕМІ №3-2025

«Астана қаласының жас мүгедектері»

Баспахана мекен-жайы:

Астана қ., Е 489, 6

Тел.: 8 701 251 90 17

Редакцияның мекен-жайы:

010000, Астана қаласы

Тәуелсіздік даңғылы, 54,

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

6-блок, 6-қабат, 618-бөлме

Байланыс телефондары:

+7(7172) 91 90 35, 335, 663, 664, 641 (ішкі)

e-mail: Qazyna.journal@gmail.com

Журнал жылына 4 рет шығады

Пішімі 205x275 мм. Офсеттік басылым 4+4

Журналға жарияланған авторлық материалдар редакция көзқарасын білдірмейді.

МАЗМҰНЫ

Тұлғалар тағылымы

Аксакалова Ж., Шынарбек Н. Камиль Муллашев шығармашылығындағы ұлттық болмыспен заманауи кескіндеме мәнерінің тоғысуы.....	4
Ақпанбекова Ғ., Есжанова Г. Шоқан бейнесі музейде.....	12
Өмірсерік Т. Жіппен өрнектелген тарих.....	16
Пашко О. Художник-педагог Жамкен Серикбаев (1925-1998) к 100-летию со дня рождения художника.....	20

Халықаралық тәжірибе

Yang H. How Exhibitions Tell Each Other: Researches on Museum Practices of Cross-Cultural Communication with Silk Themes.....	23
Кубашева Е. Ыстамбұлдағы тілдік алмасу арқылы түрік тілінің мәдениетаралық коммуникациясы.....	30
Исабаева К. Повышение квалификации музейных специалистов через международные стажировки.....	33

Тарихи орын

Бегалиев О. Түркі дүниесі тәу етер Қорқыт ата кешені.....	38
Шаимова А. Музей в стиле ландшафтного пространства.....	41
Жұмашова А., Мусаева С. Ескерткіштерді музейлендіру және аймақтағы мәдени мұраны пайдалану.....	44
Шөмекей М. Жалағаштағы қабырға петроглифтері.....	49

Музей тынысы

Коньсбекова З. Социокультурный проект «Қазақстанның ұлттық қазынасы»: культурное партнёрство в динамичном городском пространстве.....	53
Алшимова Ә. Қасиетті мұра: Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейіне 110 жыл.....	55
Нұрпейсов Б. Музей ісіндегі заманауи технологиялар: Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің тәжірибесі.....	60

Бір жәдігер тарихы

Кадыльчина А. Карта Энтони Дженкинсона 1562 года.....	66
Шөмекей М. Қаршын.....	69

Қор қазынасы

Аубакирова Г. Художественное наследие Айши Галимбаевой в фондах Павлодарского областного художественного музея имени Н. Нурмухаммедова.....	70
Урдашева Г. Музей қорындағы сүйектелген бұйымдар.....	74
Дубовая Е. Оригинальная графика Казахстана XX в. Рисунок и акварель из собрания Павлодарского областного художественного музея имени Н. Нурмухаммедова.....	79

Мұра және қалпына келтіру

Мұхамедина Ә. Қазынамызға қайта оралған жәдігерлер.....	83
Ченченкова О. Реставрация археологических фрагментированных сосудов из металла.....	86
Кащеев А. Причинная обусловленность биоповреждений музейных предметов.....	91
Чехова Е. Реставрация фрагментов кожаного футляра, расшитого шелком из могильника VIII-IX вв. в Северной Осетии.....	94

Естелік ізімен

Молдагулова Г. Жауынгер ерлігінің айғағы.....	98
---	----

МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ СҮЙЕКТЕЛГЕН БҰЙЫМДАР

Гүлзира Урдашева

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі

Ақтөбе қ.

Сүйек ұқсату өнері – дәстүрлі қазақ қолөнерінің ерекше әрі нәзік түрі. Бұл өнер қазақ халқының мәдениетінде маңызды орын алып, көшпелі тұрмыстың көркемдік ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Қазақ халқы өз күнкөрісіне қажетті үй-жай салуды, киім тігу мен азық-түлік өндіруді кәсібіне айналдыра отырып, тұрмыста оларды тиімді пайдаланып қана қоймай, әсем әрі сәнді бұйымдар жасап, өмірге ерекше сән-салтанат қосқан. Бұл өнерде негізінен малдың – ірі қара, түйе немесе қойдың сүйегі өңделіп, тұрмыстық бұйымдар, әшекейлер, музыкалық аспаптардың бөлшектері, сондай-ақ көркемдік сәндік заттар жасалады.

Сүйек өңдеумен айналысатын шеберді сүйекші деп атаған. Бұл өнер түрі мал шаруашылығымен тығыз байланысты болып, сүйек, мүйіз, жауырын сияқты малдың сүйегін өңдеу арқылы түрлі тұрмыстық және сәндік бұйымдар жасауға негізделген. Ата-бабамыз сүйек өңдеуді және одан жасалған бұйымдарды киелі деп санап, ерекше наным-сеніммен құрметтеген. Ел арасында ру мағынасында қолданылатын «сүйек», «сүйектес», «сүйегі бір» сияқты атаулар бар. Сонымен қатар, туыстық қатынасты нығайту мақсатында «сүйек жаңғырту» деген ұғым да қолданылады.

Дәстүр бойынша, жауырыншы деп аталатын болжаушылар сүйектің белгілеріне қарап, ауа райы, жұт, көші-қон сияқты оқиғаларды болжаған. Бұнымен бірге, қазақ халқы асық, бесіктің астына салатын шүмек, шақша, тарақ және тұяқтас аспабын негізінен сүйектен жасайтын болған.

Шеберлер тілінде сүйек кесінділерін ағаш бетіне орнату сүйек шабу деп аталады. Осыған байланысты «сүйек шапқан кебеже», «сүйек шапқан сандық» деген атаулар қалыптасқан. Алайда кейінгі уақытта бұл атаулар сирек қолданылып, олардың орнына «сүйектелген кебеже», «сүйектелген сандық» деген тіркестер кеңінен қолданылады (Энциклопедия 5 том., 2017, 219-б.).

Алғашында сойылған малдың қабырғаларын пышақ ретінде, жіліктерін шоқпар ретінде, бас сүйектің ми қатпарын ыдыс ретінде, ал жауырындарды қалақ ретінде пайдаланған. Уақыт өте келе адам сүйекті сүйекпен жону, таспен егеу, отқа күйдіру сияқты әдістерді ойлап тапты. Соның

нәтижесінде сүйек пен мүйізден түрлі қолөнер бұйымы жасала бастады.

Сүйек ұқсату барысында шеберлер түрлі әдіс қолданған. Үй бұйымдарын әсемдеуде негізінен жылқы мен түйе сүйектері пайдаланылған. Бұның себебі – осы малдардың сүйектерінде қара кемік болмайды және уақыт өткен сайын сарғыш тартып, бұйымдар әсем әрі тартымды көрінеді деп есептелген. Малдың жауырын сүйектері мен қабырғалары жиі қолданылғанымен, кейде бұйымдарды әсемдеу үшін жіліктің қақ сүйегі де пайдаланылған. Әсіресе, қыста соғымға сойылатын ірі жылқы мен түйенің жарамды сүйектерін тастамай, мұқият жинап отырған. Шеберлердің айтуынша, шикі сүйектерге қарағанда, асылған еттің сүйектері өңдеуге қолайлы болады. Егер семіз соғымның сүйектері майлы болса, оларды артық майдан арылту мақсатында өңдеу алдында бірнеше сағат суға қайнатып алады. Сүйекті пайдалану алдында суға қайнатудың тағы бір себебі – кеуіп қалған сүйекке қарағанда, қайнатылған сүйекті өңдеу әлдеқайда жеңіл болады. Алдымен жылқы мен түйе жауырындарының кеміксіз, қақ сүйегінің екіге жарылатын жалпақ жақтары мен қабырғалары қол арамен кесіліп, кесінділер кеміктен толық тазаланады да, содан кейін ғана жұмыс басталады (Х. Арғынбаев., 1987, 83-б.).

Әсемдейтін бұйымдардың ыңғайына қарай, дайындалған сүйектерден мүмкіндігінше көлемі біркелкі тікбұрыш, төртбұрыш, шаршы, үшбұрыш немесе ромб тәрізді әшекейлер кесіліп алынады. Олардың беттері тегістеліп, өңделеді. Сүйек әшекейлерді ағаш бұйым бетіне шеге арқылы бекітетіндіктен, шеге қағылатын жері жіңішкелеп тесіліп алынады. Бұған қоса, сүйек бетіне жүргізілген бедерлі оюлар қызыл, қоңыр, жасыл бояулармен боялады. Сүйек әшекейлерімен әсемделетін үй бұйымдарының түрі көп. Олардың ішінде көбінесе кебеже, төсағаш, сандық, ер, піспек, адалбақан, қантшақыш, домбыра және т.б. кездеседі. Сүйекті түзеп, жонып, тегістейтін құралды бастырық немесе қысқы деп атайды. Жалпы, сүйекті жону, өрнектеу, шегелеу және сүйекке күміс қақтау жұмыстары ерекше шеберлік пен дәлдікті талап етеді (А.А. Абросимова, Н.И. Каплан, Т.Б. Митлянская., 1989, 36-б.).

Сүйектен жасалатын бұйымдар бірнеше

топқа бөлінеді:

- Тұрмыстық бұйымдар: қасық, пышақ сабы, ине қадағыш, тарақ.
- Әшекей бұйымдар: білезік, сырға, тұмар, шашбау, моншақ.
- Музыкалық аспап бөлшектері: домбыра, қобыз сияқты аспаптардың шегін ұстайтын бөлшектері сүйектен жасалуы мүмкін.
- Сәндік бұйымдар: тұмарша, кестелі сүйек қаптамалар, сандықтың немесе ер-тоқымның сүйекпен көмкерілген бөлшектері. (Қ.Әмірғазин., 2004, 76-б.).

Сүйектермен қатар, шеберлер мүйізді де қажетті заттарды жасау үшін пайдаланған. Мүйіз сүйекке қарағанда жонуға, июге, қалыпқа салуға, тесуге және шегелеуге ыңғайлы болып келеді. Үй жануарларының мүйіздерін тиімді пайдалану үшін оларды жинап, үнемі көлеңкеде сақтау қажет. Өйткені далада көп жатып, қурап кеткен мүйіздер жарамсыз болады. Суыған мүйізді пышақпен, егеумен, шыны сынығымен және киізбен өңдеген. Мүйізден түрлі пайдалы зат жасалған. Мысалы, сиыр мүйізінен тарақ, ақбөкен мүйізінен қамшы сабы, ал арқар мен таутеке мүйіздерінен пышақ, семсер, қанжар, қылыштың сабы жасалған (С. Қасиманов., 1962, 84-б.).

Қазақстан аумағында сүйек өңдеу өнерінің ең алғашқы археологиялық деректері Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дөңдібай дәуіріне жататын Кент қалажұртынан табылған. Онда ою-өрнектермен безендірілген сүйек пен мүйізден жасалған бұйымдар табылды. Мамандар бұл сүйек өңдеу жәдігерлерінің нақты мақсатын анықтай алмады. Сондай-ақ, осы қонысты қазу барысында археологтар сүйек өңдеу өнерінің автохтондық сипатын дәлелдейтін көптеген құрал мен қалдықтар тапты. Алғашқы сүйектен жасалған бұйымдар қатарына қазіргі таңда Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған сүйекті қасықтарды жатқызуға болады.

Сүйек қасықтар

Олар Сынтас 1 қорғаны, №1 қорғаннан табылды. Б.з.д VI-V ғғ. 1973-74 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясы Шоқан Уәлиханов атындағы археология-этнография институтының маманы, тарих ғылымдарының кандидаты М.Қ.Қадырбаев бастаған экспедиция Сармат тайпалары жерленген «Бесоба» және «Сынтас» қорғандарынан табылған ең көне қолөнер туындыларының бірі – скифтердің жануар түрінде бедерленген сүйектен жасалған қасығына мынадай анықтама берген: «Наиболее



(АОТӨМ, НКТ-№11973, НКТ-24)

искусная резьба по кости представлена на ложке из третьего погребения кургана. На широкой ее рукояти длиной 8,3 см и шириной 2,3 древний художник вырезал несколько изображений. Первая фигура – это лежащий волк с повернутой назад головой и оскаленной мордой. Шея и тело волка гравировано двумя параллельными линиями со штриховкой внутри. Следующее изображение – фигура орла с обращенной назад головой. Крыло этой птицы акцентировано косыми насечками, а оперение передано разными кружками в виде чешуек. Лапа орла гравирована как кольцо. Прямо под ней изображена такая же голова орла, в перевернутом виде, и древний мастер вырезал головку сайги, прямой рог которой заканчивается у передней лапы лежащего волка. Прямых аналогии ей нет, но изделие подобного типа из кости все-таки встречаются в совроматском мире прикладного искусства. Единственные экземпляры вещей в стиле «головоломки» известны и в других районах степной полосы Евразии, в частности в Центральном Казахстане и Туве» (Р. Илиясова., 2001, 112-б.).

Батыс Қазақстандағы ерте көшпенділердің ескерткіш орындарын зерттеу барысында көптеген жәдігермен бірге сүйектен жасалған заттар да табылды. Соның ішінде сүйек қасықтар Еуразия көшпенді тұрғындары үшін қолжетімді әрі өңдеуге ыңғайлы болды. Көшпелі сармат тайпаларының қоныстану аймағынан табылған бұл жәдігерлер көбінесе Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде кездеседі. Табылған сүйек қасықтар ғалымдар арасында түрлі пікір туғызды.

Қасықтардың нақты функционалдық қызметі әлі күнге дейін толық анықталмаған. Мысалы, К.Ф.Смирнов оларды бояуларды сұрту немесе араластыру үшін қолданылған деп есептейді, ал М.Г.Мошкова сүйек қасықтар адам денесін бояу үшін де пайдаланылған болуы мүмкін деген пікір білдіреді. Себебі қазба жұмыстары кезінде табылған қасықтарда бояулардың қалдықтары да анықталған. Алайда В.К. Федоров бұл пікірлерге келіспейді. Ол өзінің «Совромато-Сарматские костяные ложки» еңбегінде К.Ф. Смирнов пен М.Г. Мошкованың пікірлерін толық мойындамайтынын білдірген. Ол замандағы бояулар қатты болғандықтан, сүйек қасықтар бояуды араластыруға жарамайтынын, ал түрлі жөн-жоралғы кезінде немесе дәрілік шөптерді езіп, жараға таңу үшін пайдаланылуы әбден мүмкін екенін алға тартты. Бұл тұжырымды сүйек қасықтардың қасынан табылған қарасора өсімдігінің дәндері дәлелдейді.

XX ғасырдың 70-80 жылдары көптеген материалдың жиналуына және елдегі жоғары оқу орындарындағы археология бөлімінің дамуына байланысты, бірқатар материал жинақталған болатын. Бесоба, Сынтас, Целинный-1, Танаберген қорымдарына жүргізілген археологиялық жұмыстар кезінде табылған сүйек қасықтар барлығы ер адамдардың жерленген жерінде жебе ұштарының үйінділерінің астыңғы жағынан табылып отыр. Осыған сүйене археолог М.Қ.Кадырбаев сүйек қасықтарды ер адамдар пайдаланды деген тұжырымға келеді. (Б.К. Даутеев., 110-б.).

Сонымен қатар, музей қорындағы сүйектелген жәдігерлердің бірнеше түріне тоқталсақ:

Сүйектелген домбыра

Авторы: шебер Қ.Жилыбаев. Музейге 1978 жылы тапсырылған. Өлшемі - 103 см. Музыкалық аспаптар жасауда да сүйек кең көлемде пайдаланылған. Қобыз, домбыра, сыбызғы сынды аспаптарға сүйектен сәндік өрнектер салынып, дыбыс сапасын арттыру үшін сүйек тиектер қолданылған. Домбыраны сүйекпен әсемдеу – қазақ халқының көне дәстүрлі шеберлік өнерлерінің бірі саналады. Бұл әдіс домбыраның үн сапасын жақсарту, әуезділігін арттыру, бұнымен бірге оны эстетикалық жағынан көркемдеу мақсатында қолданылған. Домбыраның перне, тиек секілді кейбір бөлшегі көбіне қой, ешкі немесе бұғы сүйегінен жасалған материалдармен жабықталған. Сүйектің тығыз әрі қатты материалы домбырадан

шығатын үннің анық әрі қоңыр болуына ықпал етеді. Сүйектен ойып жасалған өрнектер домбыраны көркемдеп, әр беріп тұрады. Осындай аса шеберлікпен әсемделіп жасалған сүйектелген домбыра үлгілері қазіргі таңда облыстық музейдің экспозициясына қойылған (Каталог., 2013, 40-41-б.).

Сүйектелген қант шаққыштар



(АОТӨМ. НКТ-504, 505, 506)

XX ғ. 1947 жылы тапсырылған. Қол тоқпақ бейнесіндегі қант шаққыштардың басы жұмыр келеді. Бұл – көне дәуірлерде немесе этнографиялық кезеңдерде кеңінен қолданылған тұрмыстық құралдардың бірі (Каталог., 2013, 41-б.). Мұндай құралдар көбінесе мал сүйектерінен, әсіресе ірі қара немесе түйе сүйектерінен жасалған. Әдетте жуан әрі қатты жілік, омыртқа, жауырын, тоқпан жілік тәрізді сүйектер пайдаланылған. Қант шаққыштар жақсы өңделіп, кейде сабы бар, балға тәрізді формада жасалған. Бұл қарапайым, бірақ аса тапқырлықпен жасалған тұрмыстық құралдардың бірі саналады.

Сүйектелген шай сандық

1947 жылы тапсырылған. XX ғасыр. Материалы: металл, ағаш, сүйек. (Каталог., 2013, 42-б.).

Сандықты сүйекпен әсемдеу – дәстүрлі қазақ қолөнерінің бір түрі. Бұл өнерде ағаштан жасалған бұйымдар (көбінесе сандықтар) мал сүйегімен өрнектеліп, көркемделеді. Әдіс қазақ халқының көне дәуірден келе жатқан ағаш ою және зергерлік



(АОТӨМ, НКТ – 248 (36x51))

өнерімен тығыз байланысты. Сандықтың сыртқы көрінісін әсемдеу көркемдік құндылығын арттыру мақсатымен жасалған. Бұған қоса, сүйектелген сандық жеке адамның немесе отбасының әлеуметтік мәртебесін көрсеткен. Сүйекпен әсемделген бұйымдар көбіне дәулетті адамдардың үйлерінде болған. Олар той жасау, ұзату, жасау дайындау кезінде ерекше орын алған (Энциклопедия., 5 том, Алматы, 219-б).

Сүйектелген қамшы



(АОТӨМ, НКТ – 17095)

Құралдың сабы сүйектен жасалған және 12 өріммен өрілген. Әрбір өрім 22 таспен әшекейленген, ал өрімдер ешкі терісінен иленген қайыспен біріктірілген. Құралдың ұшы мен түбіне мүйіз бекітілген. Авторы: шебер Е. Әбілов. Қамшының сабын сүйектеу әсемдікпен қатар, қолға ұстауға өте ыңғайлы және сүйек ұзаққа әрі ылғалға шыдамды болғандықтан ұзақ жылдар бойы қолдануға жарамды болған. Сондай-ақ, сүйекпен әсемделген қамшылар көбінесе құрметті сыйлық ретінде тартылып отырған (Каталог., 2013, 37-42 б.).

Сүйектелген шүмек

2014 жылы музей қорына сыйға тапсырылған. Шебері: Е. Әбілов. Шүмек сүйектен өңделіп

жасалған. Ол қойдың жіңішке түтікшелі сүйегінен дайындалып, бесікпен бірге ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып беріліп келген. Шүмек ұлттық ою-өрнектермен әсемделген. 2012 жылы Ирандағы «Көкса» қаласында «ЮНЕСКО» сапа белгісін алған. Сүйектен шүмек жасау аса жоғары шеберлікті талап етеді. Сүйек жарықсыз және берік болуы қажет. Ол алдымен ыстық суға қайнатылады, содан кейін ағарту үшін күнге кептіріледі. Шүмектің орта тұсы тесіліп, тегістеліп, пайдалануға ыңғайлы етіп жасалады. Әр қолданған сайын маймен майлап отырады. Табиғи материалдан дайындалған шүмек баланың денсаулығына зиян келтірмейді.

Сүйек мұрындық

Түйені жетелеу және шаруаға көндіру үшін сүйектен жасалған мұрындық қолданылған. Мұндай мұрындық түйенің танауына өткізіліп, сыртынан жіп немесе арқан арқылы байланады. Бұл құрал түйені басқаруды жеңілдетіп, оны жетектеуге немесе байлауға мүмкіндік береді. Жүк тасымалдау кезінде түйенің бағытын өзгерту қажет болғанда, мұрындық арқылы тартып, бағытты өзгертуге болады.

Сүйек тарақ



(АОТӨМ, ККТ – 8288 (12x8 см))

2020 жылы Г.Дәкешева музей қорына тапсырған. XX ғасырдың басында сүйектен жасалған тарақ. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Молтық ауылының тұрғыны Злиха Қожбағанбетова (1904-1990 жж.) 1919 жылы шеберден сатып алып, өзі тұтынған. Кейін 1988 жылы немересі Оразғали Сұлушашқа берген. Кейін ол 2012 жылы қызы Гүлжайна Дәкешеваға табыстаған. Тарақтар көбінесе малдың жіліктерінен немесе басқа да мықты сүйектерінен жасалған. Олар қазақ халқының дәстүрлі тұрмысында кеңінен қолданылып, әрі сәндік, әрі тұрмыстық бұйым ретінде жоғары бағаланған. Кейбір сүйек тарақтар

ою-өрнектермен безендіріліп, иесінің әлеуметтік мәртебесін білдірген. Мұндай тарақтарды жасау үлкен шеберлікті талап еткен. Сүйекті өңдеу, тегістеу, тіс жасау және ою салу – барлығы қол еңбегімен атқарылған күрделі жұмыс болған.

Тұяқтас аспабы



(АОТӨМ, НКТ – 17089)

Жылқы малының тұяғынан жасалған бұйым. Авторы: шебер Е. Әбілов. Тұяқтың бетіне қазақтың ұлттық ою-өрнектері бейнеленіп, реактивті химиялық әдіспен күйдірілген. Ою-өрнек сары түспен салынған. Дауылпазды қолға ұстауға ыңғайлы ету үшін оның екі жақ шетінен жұқа былғары өрім өріліп, екі шегемен бекітілген. Бұйым былғары қорапқа салынып сақталған. Тұяқтас – дәстүрлі қазақ халық музыка аспаптарының бірі. Аспаптың атауы малдың тұяғы («тұяқ») мен қатты затты («тас») білдіретін сөздерден шыққан. Ол негізінен жылқының немесе ірі қараның кептірілген тұяғынан жасалады. Тұяқтас – соқпалы аспап болып, көбінесе музыкалық шығармаларға сүйемелдеу ретінде пайдаланылады.

Тұяқтас халық билері мен ойын-сауықтарда ырғақ беру үшін, сонымен бірге балалар ойындарында кеңінен қолданылған. Қазіргі кезде этнографиялық ансамбльдер мен фольклорлық топтар құрамында маңызды аспап ретінде пайдаланылып келеді. Тұяқтас қазақтың музыкалық мұрасын сақтап, дәріптеуде үлкен рөл атқарады. Ол қолмен сілкіп немесе тұяқтарды бір-

біріне соғу арқылы дыбыс шығарады.

Сүйектелген ертоқым



(АОТӨМ, НКТ – 100084 (38x39 см))

1972 жылы жасалып, 1984 жылы музейге тапсырылған. Авторы: шебер Қ.Баспін. Бұғы сүйегінен жасалған.

Ертоқымды сүйекпен қаптау – бұл сәндік элемент ғана емес, бұнымен бірге оның иесінің әлеуметтік мәртебесін, байлығын көрсететін көрініс болған (Каталог., 2013, 37-39-б.).

Сүйек ұқсату өнерін дамытуда Батыс Қазақстаннан шыққан белгілі шеберлердің үлесі зор. Облыстық музейдің экспозиция залында олардың еңбектері ерекше сақталған. Солардың ішінде Сұлтан Нұрымұлы мен Қарамұқан Баспіннің шығармашылығын ерекше атап өтуге болады. Қазіргі таңда сүйек өңдеу өнері дәстүрлі қолөнер түрі ретінде біртіндеп жоғалып бара жатқанына қарамастан, ол қайта жаңғырып, этнодизайн мен кәдесый бұйымдарының өндірісінде кеңінен қолданыс тауып келеді.

Сүйек өңдеу өнері – қазақ халқының көшпелі тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын және эстетикалық талғамын айқын көрсететін маңызды мәдени дәстүр. Бұл өнер тек тұрмыстық бұйымдар жасаумен шектелмей, рухани және мәдени құндылықтарды сақтау мен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге қызмет етеді. Сондықтан сүйек өңдеу өнерін жаңғырту мен дамыту – ұлттық мәдениетті сақтаудың әрі дамытудың маңызды қадамы саналады.

Сүйектен бұйым жасау – Ақтөбе облысының бай этнографиялық мұрасының бір бөлшегі. Бұл өнер халық пен табиғат арасындағы үндестікті, бұған

қоса шеберліктің жоғары деңгейін айқындайды. Оны сақтап, дамыту – мәдени мұрамызды болашақ ұрпаққа аман-есен жеткізудің сенімді жолы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: «Өнер», 1987 ж. 83 б.
2. Каталог. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақтаулы дәстүрлі қазақ мәдениетінің этнографиялық бұйымдары. Ақтөбе: «Хабар Сервис» 2013 ж. 37-42 б.
3. Абросимова А.А., Каплан Н.И., Митлянская Т.Б. Художественная резьба по дереву кости и рогу. Москва: «Высшая школа» 1989 г. 36 б.
4. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: «Қазақ мемлекеттік баспасы». 1962 ж. 84 б.

5. Илиясова Р. Қазына. Алматы: «Зерде», 2001 ж. 112 б.

6. Әмірғазин Қ. Қазақ қолөнері. Алматы: «Дайк-Прес», 2004 ж. 76 б.

7. Даутеев Б.К. Біздің дәуірімізге дейінгі VI-IV ғғ. Батыс Қазақстан және Оңтүстік Орал ерте көшпенділерінің сүйек қасықтары//Ахинжановские чтения-2023: материалы международной научной конференции студентов и молодых ученых. (г. Алматы, 28-30 апреля 2023 г.) Институт археологии им. А.Х. Маргулана. стр. 110-112.

8. ҚР Мемлекеттік Орталық музейі. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия 5 том. Алматы. 219 б.

ОРИГИНАЛЬНАЯ ГРАФИКА КАЗАХСТАНА XX В. РИСУНОК И АКВАРЕЛЬ ИЗ СОБРАНИЯ ПАВЛОДАРСКОГО ОБЛАСТНОГО ХУДОЖЕСТВЕННОГО МУЗЕЯ ИМЕНИ Н. НУРМУХАММЕДОВА

Елена Дубовая

*Павлодарский областной художественный музей им. Н. Нурмухаммедова
г. Павлодар*

Графика в собрании Павлодарского областного художественного музея насчитывает 3743 экспонатов, из них более 1500 произведений составляет оригинальная графика Казахстана – рисунок, акварель, гуашь, исполненные на бумаге или картоне.

18 декабря 1965 года Павлодарский областной музей был открыт для посетителей, и уже в первые годы сложились основные пути формирования коллекции – передачи из дирекций выставок, художественного фонда Союза художников, центральных музеев, подарки авторов и владельцев, закупки из мастерских художников.

В комплектовании фондов большой вклад внесли директора музея Иван Васильевич Лагутин, в 1965 году продолжил работу молодой директор Владимир Алексеевич Фрейман - искусствовед, приехавший в Павлодар из Москвы после окончания института, Ксения Иосифовна Величко (с 1964 по 1984 год), искусствовед Людмила Афанасьевна Кузнецова (с 1965 по 1988 год).

В формировании Павлодарской коллекции оказала высоко оцененную помощь Казахская

Государственная художественная галерея им Т.Г. Шевченко, ныне Государственный музей искусств им. А. Кастеева (КГХГ им. Т.Г. Шевченко, ГМИ им. А. Кастеева, Алматы), передавшая с 1966 по 1982 годы акварели и рисунки художников К. Баранова, М. Белова, Е. Говоровой, А. Исмаилова, А. Кастеева, В. Кузнецовой, Ю. Мингазитинова, Х. Рахимова, С. Романова, Б. Чекалина.



А. Кастеев. Дворик. 1962.